



Ақмешіт

14 қыркүйек
сейсенбі
№73 (1775)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ



САПАЛЫ ӨНІМ СҰРАНЫСҚА ИЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлттық экономиканың жетекші күші – шағын және орта кәсіпкерлік», – деп атап өткен болатын. Осы бағытта қала көлемінде кәсіпкерлікті дамыту бойынша тиісті шаралар қабылданып, нәтижесінде қарқынды өсу көрсеткіштері қалыптасып келеді.

Жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтып отырған кәсіпкерлік нысандарының бірі – «Keremet-ET» сауда дүкені. Бұл дүкені облыс тұрғындарынан бөлек Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды қалаларын өз өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Мұнда 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Қала аумағында кәсіпкерлікті дамытуға үкімет және қала әкімдігі тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп келеді. Мұндай жергілікті отандық өнімнің сапасы да жоғары. Осындай сауда орындарының көптеп салынуы – кәсіпкерлікке көрсетілген қолдаудың жемісті нәтижесі. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының қолдауына бірнеше рет қатысып, нәтижесінде қордың «басым жобаларға кредит беру тетігі» бағдарламасы бойынша қаржылық қолдау көрсетіліп, цех салу жобасын қолға алған. Биыл айналым қаражатын толықтыру үшін қаржыландыру кезінде «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша субсидиялау және кепілдік беру құралдары арқылы өз жұмысын жандандырып отыр.

«Keremet-ET» сауда маркалы дүкені 2014 жылдан бастап нарықта зор сұранысқа ие. Жеке кәсіпкер Айдос Үсеңдіұлының басшылығымен «Keremet-ET» сауда дүкені жартылай фабрикалардың (фарш, тұшпара, тефтельдер және котлеттер) ірі өндірушісі ретінде жұмыс істеуде.

2014 жылы цех алғаш рет нарықтағы жұмысын бастады. Ол кезде небары 6-7 адаммен жұмыс жасап, тек фарш шығарумен айналысқан едік. 2017 жылдан бастап сауда нүктесінің аумағын кеңейтуді қолға алдық. Компания жабық қоймаларды, ең қуатты мұздатқыштарды пайдаланады. Жыл сайын дәстүрлі түрде жәрмеңкелерге шығып, өз өнімдерімізді халыққа төмендетілген бағамен ұсынып жатамыз. Алдағы уақытта кәсіп ауқымын кеңейту мақсатымыз бар, – дейді «Keremet-ET» сауда дүкенінің атқарушы директоры Гәзиза Тұрар.

Коронавируспен күрес жүріп жатқанда кәсіпкерлік саласы тұраламауы керек. Бұл біздің облысымызға да қатысты. Қызылорда қазір «сары» аймақта. Дегенмен карантиндік шектеулер болса да кәсіпкерлердің жұмыс жасауына барынша мүмкіндік беріліп отыр. Бұл ел әлеуетінің артуына зор қолдау.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

СЫР ТАРТУУЫ

Күз – молшылық пен тоқшылықтың мезгілі. Ала жаздай егіс даласында тынбай еңбек еткен ағайын арқаны кеңге салып, бейнетінің зейнетін көретін шақ енді жетті.

ЕЛДІҢ ДӘМІ ЕЛОРДАҒА ЖЕТТІ



Өткен аптаның сенбі-жексенбісінде Нұр-Сұлтан қаласындағы «Хан Шатыр» сауда орталығы жанында Қызылорда облысының дәстүрлі ауылшаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Оған 70-ке жуық Сыр диханы мен кәсіпорыны 40 жүк автокөлігімен жалпы құны 100 млн теңгені құрайтын 400 тоннаға жуық өнімді елордалықтарға ұсынды.

Арқа төріндегі тұрғындар Сыр елінің брендіне айналған ақ күріш, балығы мен ас тұзы, қауыны мен қарбызынан дәм татты. Сырбойлықтар жәрмеңкеге 140 тонна күріш, 20 тонна балық және балық өнімдері, 150 тонна бақша өнімдері, 40 тонна асқабақ, 40 тонна көкөніс пен жеміс-жидек, 3 тонна ас тұзы, 5 тонна сүт және кондитер өнімдерін әкелді. Тез бұзылатын сүт өнімдері рефрижератор көлігімен жеткізілді. Сондай-ақ жәрмеңкеде карантин талаптары сақталып, тауар ұсынушылар дезинфекциялық құралдармен толық қамтылған.

Мұндағы өнімдер базар нарқынан біршама төмен бағада сатылды. Содан да болар, жұртшылық жәрмеңкеге жақсы жиналды. Соның ішінде Сыр елінің тумасы Жанат Бихожаева да бар.

Біз бірнеше жылдан бері Нұр-Сұлтан қаласының тұрғынымыз. Өзіміз Қызылорда облысы Шіркейлі ауылының қызымын. Елордада жүрсе тек Сыр елінің әрбір жетістігіне қуана қарап, тілекші болып отырамыз. Осы жолы да жәрмеңкеге келіп, туған жердің тартуынан алып, мөз болып қалдық. Адам өте көп. Бір-бірімізді көріп, арқа-жарқа болдық. Қызылорда облысы ұйымдастырған жәрмеңкенің берекелі болғаны еңбек сүйгіш Сыр халқының көңілі дархан екендігін байқатуда, – деген ойымын бөлісті.

Жалпы Қызылорда өңірінде ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және агроөнеркәсіптік кешен жүйесін тиімді жүргізу мәселелері жолға қойылған. Ел

тәуелсіздігінің 30 жылдығының ішінде аймақтың аграрлық саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, соңғы 10 жылда облыстың жалпы өңірлік өнім құрылымында ауылшаруашылығының үлесі 4,3-тен 5,9%-ға дейін ұлғайған.

Мал шаруашылығын дамыту бойынша да жүйелі жұмыс жүргізіліп, нәтижесінде ірі кара мал басы 1,5 есе, жылқы 2,3 есе, түйе 2 есе өсті. Сонымен қатар биыл облыстың жалпы егіс көлемі 3,9 мың гектарға ұлғайып, барлығы 188,1 мың гектар жерге егін егілді. Оның ішінде дәнді дақылдар 96,6 мың гектар, майлы дақылдар 6,7 мың гектар, мал азықтық дақылдар 66,4 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 18,3 мың гектарды құрады. Негізгі дақыл, күріштің көлемі – 83,6 мың гектар.

Егілген күріштен жоғары өнім алу мақсатында күріш егісіне 100 процент жоғары репродукциялы тұқымдар себілді. Облыста күрішке орақ салу жұмысы 26 тамыздан басталды. Бүгінгі күні 4716 гектар күрішке орақ салынып, оның 2 495 гектары бастырылды. Өр гектардан орташа 42,3 центнерден өнім алынууда. Сонымен бірге бүгінде аймақта 242,7 мың тонна картоп, көкөніс, бақша және 20,2 мың тонна ет, 49,5 мың тонна сүт өндіріліп отыр.

Жалпы Сыр елінің ауылшаруашылығы өнімдері әлемнің 16 мемлекетіне экспортталуда. Экспортталған өнімнің 95 проценті – облыстың негізгі дақыл, күріш өнімі. Күріш Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Әзірбайжан, Моңғол, Тәжікстан, Украина, Өзбекстан және Ирак мемлекеттеріне жіберіледі.

Ақтоқпан НҰРЛЫБАЙ

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

КӨП КҮТТІРГЕН КВОТА, ЖЕТПЕЙТІН ЖОЛДАМА

«Бірінші байлық – денсаулық». Бұл сөздің мағынасын дәл қазіргі уақыт қатты ұғындырды. Онкологиялық аурулар адамның алқымына жабысып, коронавирус қос бүйірден қысып тұр. Сондай-ақ балалар арасындағы церебралды сал ауруы жаныңды жеп барады. Бір өкініштісі, мұндай дерттер жыл өткен сайын көбейіп, жасарып отыр.

Аурудың көптігі сонша қай ауруханаға, қай емханаға барсаң да адам лық толы. Үлкені де, кішісі де сонда. Бұрын әкеміз «жас кезімізде ауру дегенді білмеуші едік» деп жиі айтып отырушы еді. Алайда қазір даусыз дерттің алдында кез келген адам дәрменсіз күйде. Әсіресе жыл өткен сайын мүмкіндігі шектеулі балалардың көбейіп отырғаны қынжылтады.

Бүгінде күттірген квота, жетпейтін жолдама жырыммен емхана есігін тоздырып жүргендер көп. Тіпті «кезегіміз келгенше қай жеріміздің ауырғанын да ұмытып қалдық» деген сөзді жиі естиміз. Денсаулық саласындағы бітпейтін қағазбастылық ауру адамды қажытып жібереді. Әрине, ауруханаға ешкім еріккеннен бармайды. Дертті жанына батқаннан соң ғана дәрігердің көмегіне жүгінеді.

Шіелі ауданының тұрғыны Ажар Болатқызының (аты-жөні өзгертілді) церебралды сал ауруына шалдыққан баласын балаларды оңалту орталығынан ақысыз ем алу үшін кезекке қойғанына үш жыл болған. Көп күттірген квотасы қолына енді ғана тиіп, жақында ем алып шықты. Оның айтуынша, емнен кейін баланың денсаулығында оң нәтиже байқалған. Қай ата-ана



болсын баласының көз алдында жүрігіп жүргенін көргісі келеді ғой. Одан асқан бақыт жоқ шығар, сіре?! Ажардың да басты арманы баласының аяқтан тұрып кетуі. Ол үшін жыл сайын осылай оңалту орталығына квота берілсе дейді. Әрине, үш жыл аз уақыт емес. Сонда ауру баласын тегін емдету үшін сонша уақыт күту қажет пе?! Өйткені ақылы емдетуге қарапайым халықтың қалтасы көтермесі белгілі. Қаржысы барлар онысыз да отандық емге телмірмей, шетелдік медицинаға жүгінуде.

2 бетте

#qazaqstan30

Елбасымен кездескен сәт

Адамның санасында мәңгілік өшпестей естелік қалдыратын, ең керемет, ең ғажап ұмтылмастай сәттер сыйлайтын, ол – балалық шағымыз. Балалық шақ, бір рет қана келетін, қайта оралмайтын, сағына еске алатын ғажайып әлем. Менің де балалық шағымның тәтті естеліктері әлі күнге дейін көз алдымда.

2 бетте

КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДЕ КӨП МӘСЕЛЕ

Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев қаланың тыныс-тіршілігін назардан тыс қалдырмай, бақылауда. Сөзіміздің дәлелі ретінде жексенбі күні де демалмай қаладағы бірқатар тұрғын үйлерді аралағанын айтуға болады.



Демалыс күніндегі қаланы аралауда қала басшысы Ғанибек Қонысбекұлымен қатар қалалық мәслихат депутаты Ерлан Мұсаев та бірқатар көпқабатты тұрғын үйлерді аралап, тұрғындардың ұсыныстарын тыңдады.

Олар алдымен Әйтеке би көшесіндегі №23 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына барды. Ондағы балалар ойын алаңы, аулашыл жолдары жөндеуді қажет ететінін және өзге де мәселелерді көріп, жауапты сала басшыларына тапсырма берді.

Сонымен қатар Сүлейменов көшесі №51 «А» мекен жайындағы тұрғын үйдің аула жолын асфальттауға өтініш білдірді. Қала әкімі аядай тұрғын үй ауласын озиске айналдырған тұрғындарға алғысын жеткізіп, мәселелер оң шешімін табатынын айтты.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ҚЫЗЫЛОРДА – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ ОНЫ ТАЗА ҰСТАУ БӘРІМІЗГЕ МІНДЕТ

Сыр өңірінің сыршыл ақыны Махмұтбай Әміреұлы сөзін жазған «Қызылорда вальсы» әні әлі күнге әр адамның туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, қанаттандырып тұрады.

«...Шалқыған шаттық әні бақтарында, Бөлгенгін көшелері ақ қайыңға, Дарияның жағасында бір қала бар, Айналған Сыр елінің мақтанына», – деген өлең жолдары ерекше екпінмен елді баурап алады.

2 бетте

Елбасымен кездескен сәт

Сырдария ауданына қарасты Шаған ауылындағы №37 мектептің 6-шы сыныбында оқып жүргенімде облыстағы барлық ауданнан бір-бір оқушыны жетекшіміз Ғалым Бекенов Алматы қаласында өтетін Президент шыршасына алып барды.

Бүгінде Президент шыршасы жыл сайын облыс бойынша өткізіледі. Онда президент оқушыларды видео арқылы құттықтайды. Ал ол кезде әр облыстан жиналған оқушыларды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзі күтіп алып, бәріміздің қолымызды алды. Сол шарада ұйымдастырушылар шақырылған оқушылардың арасынан ән айтуға мені таңдап алды. Осылайша Елбасының алдында тұрып, ән шырқадым. Ол кезде «АБК» тобын халық сүйіп тыңдайды. Шыршаға өнер көрсетуге келген Қыдырәлі Болмановтан қолтаңба алып, соған ұқсаған атақты

өңші болсам деп армандап қайттым. Сондай-ақ ақын Фариза Оңғарсыновамен де танысу бақыты бұйырды. Бала болсам да елге танымал жандарды көріп, мен де осы кісілердей болсам ғой деген мақсат пайда болды.

Осылайша Алматының сұлу табиғатына тамсанып, есте қаларлықтай қыдырып қайттық. Сапардан келген соң мектептегі ұстаздар үлкен кездесу ұйымдастырды. Тұңғыш Президент Н.Назарбаевты көріп келген маған зор құрмет көрсетілді. Мектеп бітірем дегенше Президент шыршасына барып, Елбасыны көргендегі сезіммен жүрдім. Ол менің өмірімдегі ең керемет күндердің бір парағы іспеттес. Балалық шақтың естеліктері – ең қымбат дүние деген сөз осыдан қалса керек.

Дана ҚУАНДЫҚОВА,
Ж.Махамбетов ауылының тұрғыны.

Басы 1-бетте



КӨП КҮТПІРГЕН КВОТА, ЖЕТПЕЙТІН ЖОЛДАМА

Емханаға барсаң, бір жолдаманың соңында құжат дайындап, сандалып, табаның таусылып жүргендердің айқай шығарып жатқанын көресің. Әрине, өзің айлап жүріп әрбір дайындалған құжаттың дұрыс емес болып, қанша күткен жолдама берілмесе, кім-кімнің де жүйкесі жұқармай анық. Осы орайда арнайы сала мамандарынан көп күттірген квота мен жетпейтін жолдаманың мән-жайын сұраған едік.

Жалпы медициналық көмектің екі түрі бар – шұғыл және жоспарланған. Шұғыл медициналық көмек кезінде ешқандай да кезек болмайды. Себебі ондай жағдайда әрбір сағат, тіпті әр минут маңызды. Ал жоспарлы медициналық көмек «Емдеуге жатқызу бюросы» порталы арқылы реттеледі. Көрсеткіштер болған жағдайда дәрігер ауруханаға жатқызу үшін жолдама беріліп, емделушінің аты-жөні мен диагнозын ақпараттық жүйеге – «Емдеуге жатқызу бюросы» порталына енгізеді. Осылайша науқастың ауруының түріне сәйкес медициналық қызмет көрсетілетін аурухана анықталады.

Одан кейін, төсек орнының босауына, оның өткізу мүмкіндігіне қарай жатқызу күні белгіленеді. Сондықтан да ол жоспарлы деп аталады. Бүгінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы арқылы неврологиялық аурулары бар мүгедек балалар Нұр-Сұлтан, Алматы қаласындағы «Балбулақ» және Қызылордадағы «Балбулақ» корпоративтік қоры «Балбулақ» орталығына ашылым. Сондай-ақ «Қамкорлық» қорымен қаржыландырылатын 2 жас-тан 14 жасқа дейінгі балаларға арналған оңалту орталығын ашу жоспарлануда. Бұл игі бастамалар қолға алынса, қаншама баланың үміті оянып, бала бақыты еселенер еді-ау.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Бүгінде осы квотадағы көп күттірген кезек мәселесін шешу үшін түрлі жұмыстар атқарылууда. Атап айтсақ, ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қоры жанындағы «Қамкорлық қоры» корпоративтік қоры көмегі аясында аймақтағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасында» «Қамкорлық» оңалту орталығы ашылым. Сондай-ақ «Қамкорлық» қорымен қаржыландырылатын 2 жас-тан 14 жасқа дейінгі балаларға арналған оңалту орталығын ашу жоспарлануда. Бұл игі бастамалар қолға алынса, қаншама баланың үміті оянып, бала бақыты еселенер еді-ау.

Басы 1-бетте

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ 680 отбасы баспаналы болады

Сол жағалаудағы құрылыс нысандары қалаға көрік берген тың бастама қатарында. Ендігі меже – инфрақұрылымды дамытып, мәдени-спорттық кешендердің санын арттыру. Осыған орай өткен аптада қала әкімінің орыбасары Асқарбек Есжанов Сол жағалау тұрғын ауданындағы бірқатар нысанды аралап, құрылыс барысымен танысты.

Қазіргі таңда Сол жағалау тұрғын ауданында 680 пәтерлік 14 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, абаттандыру жұмыстары басталды. Сондай-ақ №4 кварталды жалғайтын магистральды жылу желілерінің (теплотрасса) құрылысы, инженерлік инфрақұрылымдар да жүргізілуде.

Көпбалалы отбасыларға және мемлекеттің қолдауын қажет ететін қоғамның әлжуаз топтарына арналған бұл тұрғын үйлер «Цифрлы Қазақстан» жобасы аясында бейнебақылау камераларымен қамтылған, тиісті құрылымдық көрсеткіштері заманауи талапқа сай әзірленген. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үй ішінде газды анықтайтын дабыл құрылғысы орнатылған.

Бұл тұрғын үйлер көпбалалы отбасылар мен қолдауды қажет ететін қоғамның әлжуаз топтарына берілетін болады. Жаңадан бой көтерген тұрғын үйлер заманауи қауіпсіздік құрылғыларымен, бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілгенін айта кеткен жөн, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Абаттандыру барысында тұрғын үй ауалары ойын алаңдары, автотұрақ, орындықтар және кір жаю алаңдарымен қамтылатын болады. Осы жұмыстарды жүргізу барысында қала әкімінің орыбасары мердігер мекемеге аулаишілік жолдардың көлік қозғалысына қолайлы болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Сол жағалау тұрғын ауданында абаттандыру жұмыстарынан бөлек, жылу желілерінің құрылысы қарқынды

жүргізілуде. №4 кварталды жалғайтын магистральды 500 метрлік жылу желілері (теплотрасса) тартылу үстінде. Бұл жұмыстар 1 қарашаға дейін толық аяқталатын болады. Жылу желісі жолында аталған 14 көпқабатты тұрғын

үйлерді қоса алғанда алда салу жоспарланған үйлерге де есептелген.

Сол жағалау тұрғын ауданын жылумен қамтамасыз ету толық бақылауға алынды. Қазіргі таңда жылу орталығындағы қазандықтардың қуаты пайдалануға берілген тұрғын үйлерді де, жаңадан бой көтеретін нысандарды да толық жылумен қамтуға қауқарлы. Жылу құбырларын орналастыру, тұрақты тексеру жүргізу үнемі назарда болады, – деді әкімнің орыбасары.

Асқарбек Темірбекұлы қала әкімінің халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған жобаларды қолдауға қашан да дайын екендігін жеткізіп, желтоқсан айында Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында 680 отбасы заманауи сәй жабдықталған баспаналы отбасына қамтылатынын жеткізді.

Айта кету керек, Сол жағалау тұрғын ауданынан 9 қабатты 4 үйдің жобасметалық құжаттары дайын, құрылысын бастау алдағы жылға жоспарланған болса, 12 қабатты 4 үйдің жобасметалық құжаттары әзірленбек.

Б.ШАҒЫРОВ




ҚЫЗЫЛОРДА – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ ОНЫ ТАЗА ҰСТАУ БӘРІМІЗГЕ МІНДЕТ

Облыс орталығы барлық жағынан аудандарға өнеге көрсетуді тиіс. Сыр бойына сырттан келген қоқыстар ең алдымен Қызылорданың көркіне, келбетіне сүйсінуі тиіс. Ал ол үшін мұнтаздай таза ұстауымыз шарт. Өйткені көшелі елге айналғанымыз көшемізден көрінуі керек.

Күнделікті көше бойына жиналған қоқыс үйіміздің іргесінде шашылып жататын. Оған осы маңдағы ит, мысықтар жиналып, есік алдын ластайтын. Қашан көрсен де құдды бір қоқыс алаңындай көңілге кірбін түсіріп тұратын. Қазір бәрі басқаша «Қызылорда тазалығы» жұмысшылары азаманмен ерте келіп, бүкіл қоқысты жинап әкетеді. Дегенмен осы маңдағы тұрғындар қоқыс жәшігін қайта толтырып қояды. Кей кездері кішкентай балаларын жұмсай салады. Олар қолдарындағы қоқыстарын жәшікке салмай қасына қойып кетеді. Содан жел болса пакеті ұшып, ішіндегі қоқысы төгіліп, айналасын былғайды. Тазалық бір мекеменің ғана міндеті емес. Ол – әрбір жергілікті тұрғынның жауапкершілігі, – дейді қала тұрғыны Ыдырыс Қанағатұлы.

Жасыратыны жоқ, шаһар сәнін кетіріп, кейбір аумақтарда қоқыс жататын көпшілік жасы біледі. Бұл әсіресе жер үйлер орналасқан аумақтарда кездесіп жатады. Көше бойына тасталған қап толы қоқыс пен тұрмыстық қалдықтар қала көркін кетіріп тұрады. Ол бір жағынан ауаны ластайды. Күні бойы қала көшелерін аралап, тынымсыз жұмыс істеп жүрген тазалық қызметкерлерінің еңбегі осы тұста елеусіз қалып кетеді. Өйткені жаңа тазаланған жер көп уақыт өтпей-ақ қайта шашылып жатады. Оған кім кінәлі? Жергілікті тұрғындар ма, әлде қала тазалығына жауапты мамандар ма? Бұл – сауалдың жауабын оқырман еңісіне қалдырды.

Басы 1-бетте



және көпірге арнайы тұз бен құм аралас қоспа себіледі. Қала көшелерінің 150-ден аса көшесі сыпырылып, арам шоптерден тазартылады. Мұның барлығы туған өлкеміз тазалығы үшін жасалады, – дейді «Қызылорда тазалығы» ЖШС директоры Талғат Құлмағанбетов.

Қазіргі таңда «Қызылорда тазалығы» мекемесі қала тазалығын сақтауда үздіксіз жұмыс істеп келеді. Көше келбетін көріктендеріп, жылдың әр мезгілінде жұмысшылар жүйелі жұмыс істеуде. Жаздың аптап ыстығы мен қыстың қытымыр аязында көше бойында ылғи «Қызылорда тазалығы» жұмысшыларын көреміз. Ерлікке пара-пар еңбек нелерінің бұл қызметтері адал әрі шынайы. Қалдықтарды сұрыптау кешеніне айына 5000 тонна 798,6 текше метр қоқыс шығарылады.

Мекеменің 38 арнайы техникасы мен 468 қызметкері қала көшелерінен, жеке үйлер мен көпқабатты тұрғын үйлерден тұрмыстық қатты қалдықтарды алды. Негізгі заңнамаға сәйкес, әрбір мекеме немесе тұрғын өз үйінің алдына қоқыс контейнерін қоюға міндетті. Ал контейнердегі қоқысты шығару үшін арнайы мекеменің келісім-шартқа отыруы тиіс. Тұрғындар арасында талашты орындамайтынғандар да кездеседі. Соның салдарынан көше бойында қоқыстар жиналады. Бұл – біріншіден, қоғамдық органы бүлдірсе, екіншіден, ауаны ластайды. Тазалықшылар көше тазалығын сақтау үшін тұрғындардан арнайы белгіленген орынға қоқысты шығарып қоюды сұраған.

Т.ШАЙДУЛЛАУЛЫ

COVID-19: Қауіп әлі де бар

Жер-жаһанға жайылған коронавирус індеті елді әбден есеніретті. Бұл дерт күннен-күнге күшейіп, қаншама адамды құрығына ілді. Сонда да халық «Той жасама», «Қонаққа барма» деген талапты орындамай отыр. Соның салдарынан індеттің беті қайтар емес. Бүгінде вирус жұқтырғандар саны азайды. Дегенмен толық тоқтаған жоқ.



Қыркүйектің 12-гі мәліметке сүйенсек, 51 жағдай тіркелген. Оның 26-сы симптомды, 25-і симптомсыз жағдайлар. Катерлі індетті қарым-қатынас арқылы жұқтырғандар да жетерлік.

Қазір вирус жұқтырған науқастар облыстық инфекциялық стационарға, аудандық ауруханаларға жатқызылып, тиісті ем қабылдауда. Мәселен, облыс бойынша инфекциялық стационарда – 570 емделуші, реанимациялық төсек-орында 56 науқас емделіп жатыр. Ал өткен тәуліктегі дерек бойынша, 152 науқас емделіп шықты. Былтырдан бері Қызылорда да 15259 науқас дерттен құлан таза айыққан.

«Ақмешіт-ақпарат»

КӨНІЛ АЙТУ

«Сыр медиа» ЖШС мен Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің ұжымы әріптесіміз «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Тұрар Бекмұрзаеваға ауылы анасы

Рысқұл Боранбайқызының

өмірден өтуіне байланысты, қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Әуелбек Қоңыратбаев – есімі қазақ руханиятының тарихынан өзіндік орын алған ұлт зиялысының бірі. Оның қоғамдық қызметі мен әдеби-ғылыми шығармашылығынан дәуір қайшылықтары да мол көрініс береді...




аударып жатқаны туралы мақала бастырып, үзінділерін жариялап отырған.


ТУҒАН ӨЛКЕ ТОПЫРАҒЫНДА

(Ә.Қоңыратбаев – кеңестік жүйе қызметкері)

Ә.Қоңыратбаев – Сыр елінің тумасы. XX ғасырдың бас кезінде бұл маңызды саяси оқиғалардың бел ортасында болған аймақ...



Әуелбек Қоңыратбаевтың Сыр еліндегі ғұмырын бірнеше кезеңге жіктеуге болады. Алғашқысы 20-30-жылдар арасына келтіледі...



«Екінші балықшы» газетінің жұмысын жоғалта қойған бойда Өлкелик партия комитеті Ә.Қоңыратбаевты еліміздің жаңа астанасы Алматыға алдырып, республикалық «Колхоз» газетіне жауапты редактор етіп тағайындаған...

МОСКВАДАҒЫ МАШАҚАТ

(Ә.Қоңыратбаев – оппозиционист)

1932 жылы күзде Крайкомның шешімімен Ә.Қоңыратбаев «Правда» атындағы Бүкілодақтық журналистика институтына оқуға жіберілген...

Қазақстаннан барған талапкерлер білім алып, үлкен кәсіби мамандыққа бейімделіп жүргенде 1934 жылдың аяқ шенінде Ленинград обкомының бірінші хатшысы С.Кировке қастандық жасалып...

Алматыға келген бойда «Социалды Қазақстан» газетінің әдебиет және өнер бөлімін басқарған...


қоғамдық ой мен ғылыми танымның 1937-1938 жылғы оқиғаларға қайта орылып, тиісті бағасын беруге тырысуға заңды құбылыс. Ал «ол кезде біз болғанмыздың қоғамы» деп мойнына иініне тығып отыратын мекемелердің жоқпанын алары болса да, берерінің болмайтыны белгілі...

САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ

1936 жылдан бастап еліміздегі саяси оқиғалар ұшығып, «халық жауы» деген тіркес қолданысқа түсе бастаған. Сол саяси науқанға Ә.Қоңыратбаевтың аға-інісі катар ілігіп, бірі алашордалық, екіншісі «неміс-жапон шпионы» ретінде істі болған...

СОҚПАҚТЫ ЖЫЛДАР, СОРТАНДЫ БЕЛДЕР

Құтғын-сүргін жылдары бірнеше баласы, 1943 жылы Мақтааралда Назым есімді алғашқы жұбайы кайтыс болған. Оны біреу білсе, біреу білмейді...



Иә, Ә.Қоңыратбаев өмір сүрген заманның қиыншыры көп болған. Кеңес үкіметін жер-жерлерде орнату барысында көптеген саяси қателіктердің жіберілгені де тарихтан мәлім. Талай жазықсыз жан атылып, талай шаңырақтың оты соңған...

Реті келген соң көптен көкейде жүрген күмәнімді де ортаға шала кетейік. Біз үшін 1937-1938 жылдарғы репрессиядан аман қалған қазақ каламгерлерінің сол жылдарғы адам-адамменгі позициясы анық емес...

жылдарындағы құжаттарды қайта сараптап шығу туралы тапсырма берді. Иә, шындықтың бет-пердесі әлі күнге ашылған емес. Бұл мәселелерге 1956-1957 жылғы «жылымықты» айтағанда 1988 жылы КСРО мемлекеті назар аударып, репрессия құрбандарын жаппай ақталған болатын...

ШОЛАҚ БЕЛСЕНДІЛЕР ШЫРҒАЛАҒЫ

(Ә.Қоңыратбаев – панисламист, пантүркіст)

Құтғын-сүргін заманы өте бере Ұлы Отан соғысының басталғаны белгілі. 1944 жылы КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының аспирантурасы ашылып, оған оқуға түскендер әскер қатарынан босатылатын ереже шығарды...

Ғылым академиясында жүріп Қазақстан Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары Т.Жәкібаев, И.Шарипов, Қазақ КСР Ғылым академиясының Президенті Қ.Сәтбаевтардың арнайы тапсырмасымен Өзбекстан, Түрікменстан, республикамыздың көптеген аймақтарына ғылыми-диалектологиялық экспедицияларды басқарып, қыруар материалдар жинақтаған...

Бұл кезде республикамызда әдеби-ғылыми өмірге терек бойлап келе жатқан Ә.Қоңыратбаев өзін алда не күтіп тұрғанын білген жоқ. Еліміздегі әдеби-ғылыми үдерістің дамып, қоғамдық белдегі не болып бара жатқанынан сенгенен оны таяз, білігі төмен шолақ белсенділер қазақ әдебиетіне, соның ішінде М.Әуезовтің ғылыми мектебіне ауыз салып, артына Қазақстан БКП (б) Өлкелик партия комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл-әдебиет институтының жұмысындағы саяси ерекшеліктер туралы» (1947) қаулысы жарық көрген...

Қаулының негізгі айтары – ғылым ордасына кеңес үкіметіне тегі жағнынан жат адамдар кіріп алып, әдебиет тарихына феодализм дәуірінің «сарқыштары» енгізіп жатыр деген саяси қауесет болды. Бір ғана С.Бәйішевтің М.Әуезов пен оның шәкірттерінің ғылыми жұмыстарына байланысты саяси айыптауға құрылған үстірт материалдары республикамыздың бас газетінде дүркін-дүркін жарық көріп жатты...

Ә.Қоңыратбаевтың «пантүркіст», «панисламист» ретінде айыпталатын кезі – осы. Оған негіз болған «Қазақтың лиро-эпосы» деген тақырыпта жазған кандидаттық диссертациясы, шығыс тақырыбында жарық көрген мақалалары. Осы ізденістердің қазақ руханияты үшін маңызын ұқпай, жалаң «пантүркістік», «панисламистік» әрекет санған, партияның сеніміне не болған шолақ белсенділер экономика саласының маманы бола тұра әдебиеттану ғылымына «ревизия» жасауға тырысып баққан...

лардың саяси тегін ашуға күш салу болған. Осының бәрі біз үшін 1937-1938 жылдары аға-інісі «халық жауы» деген жалған жаламен қутғын-сүргінге түскен Ә.Қоңыратбаевқа төтелді қатысты болып көрінеді. Себебі өзге ғалымдардың шыққан тегіне қатысты мұндай саяси мәселелер бұрын-соңды сөз болмаған...

Ғылыми теорияны саясат билеген заманның бір сипаты осындай. Әрине, 1989 жылы бұл қаулының күші жойылды. Бірақ онда 1947 жылғы қаулының себеп-салдары тарқатылып ашылып, саясат әлемінде шортанды секірген шолақ белсенділердің есімдері бүркелменді. Кезінде саяси сығға ұшыраған ғалымдардың есімдері 1947 жылғы қаулыға көрсетілген тізімнен өзгертіліп берілді...

Әдетте өлкелік партия ұйымдары БКП(б) Орталық партия комитетінің нұсқауымен жұмыс жасап, солар қабылдаған қаулыларына үн қосып отырған. 1947 жылы одақ көлемінде ондай саяси оқиғалар орын алған емес, қаулы да қабылданбаған. Сонда Қазақстандағы Тіл-әдебиет институтының жұмысына байланысты республикалық партия ұйымының саяси қаулысы сол тұстағы шолақ белсенділердің тірілігі болып шығарды...

сүргінге ұшыраған емес. Соған қарағанда ағайынды Қоңыратбаевтардың тағдыры ұзақ жылдар НКВД мен республикалық партия ұйымының бақылауында болған деп шамалауға толық негіз бар. Дәл осылай бір еңбегі үшін екі рет қудаланған ғалымдар бізде болған емес...

1952-1953 жылдары саяси оқиғалар асқынға түскен. Бірақтар әдебиетшілер мен тарихшылар ғылыми еңбектері үшін 25 жылға бас бостандығынан айрылып жатқанда саяси-методологиялық ұстанымын сылтау етіп кеңес үкіметі Ә.Қоңыратбаевқа жұмыс бермей қойған. Осы жылдары қырғыз, өзбек елдерінен алған шақыру хаттары ғалымның жеке архивінде сақтаулы...

КЕҢЕС ЗАМАНЫДАҒЫ КЕМЕЛДЕНУ

(Ә.Қоңыратбаев – көрнекті ғалым әрі ұстаз)

Әрине, адал еңбек ескерусіз қалмайды. Ә.Қоңыратбаевтың ұзақ жылғы ғылыми-педагогикалық еңбегі де назардан тыс қалды деп айтуға болмас. 1961 жылы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының шешімімен Ғылым «Жұрмет белгісі» орденімен марапатталған. Оған дейін «халық жауы» ретінде айыпталған Қалжан мен Әлібек Қоңыратбаевтар өлдей ақталып (1956), олардың ісі қысқартылған болатын...

Ал жазықсыз жандарды өлімге қиған НКВД тергеушілеріне берілетін баға әлі алда. Қалжекеннің ісін жүргізген Финягин, т.б. туралы мәліметтер



сапырған сабақтардың аламы келбеті осы.

Ал 1948 жылдан басталған. Бұл кезеңде КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті 1937-1938 жылдары репрессияға ұшыраған қайраткерлерді қайта іздегісіп, қоншагерден аман оралғандарын, жазғы болсын-болмасын, қайта қамау ісіне кірісіп жатты...

1947 жылы қаулының ықпалымен Алматыдан аластатылған Ә.Қоңыратбаев пен С.Кенесбаевтар Қызылорда педагогикалық институтына жұмысқа жігерленді. Келген бойда Ә.Қоңыратбаев қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасын басқарып, педагогтік қызметке кірісіп кеткен.

КЕНЕСАРЫ ДАУЫ

(Ә.Қоңыратбаев – ұлшыл, ескішіл)

1948 - 1951 жылдары Қызылорда педагогикалық институтында қызмет атқарып жүргенінде республика көлемінде Кенесары дауы туып, кеңес дәуірінде Кенесарыға қатысты көркем шығармалар мен зерттеулер жазған қаламгерден аман оралғандарын ашырау бастайды...

Қазақ әдебиеттану ғылымында осы саяси оқиғалардың себеп-салдарына тереңдеп жатқан зерттеушілер көп болмады. Негізгі мәселе мынада болатын. Ұлы Отан соғысы жылдары КСРО Ғылым академиясының Алматыда эвакуацияда болған тарихшы-ғалымдарына республикалық партия ұйымы академиялық «Қазақ ССР тарихы» жазып беруді тапсырған. Москваның белгілі тарихшылары 1943 жылы кітапты жарыққа шығарып, онда Кенесары дауының қозғалысын ұлт-азаттық көтеріліс ретінде бағалаған...

казірде Ресей сайттарында бар. Олардың заңсыз іс-әрекеттеріне саяси баға беріп, саяси қылмыскер екенін кейінгі ұрпақтарына жеткізетін кез де алыс болмауға тиіс.

Кеңес заманында үш рет саяси қудалауға түскен Ә.Қоңыратбаев басына түскен қиыншылықтарға қарамастан саналы да саналы ғұмыр кешкен жан. Елуінші жылдарға дейінгі еңбектері бұлай қойғанда 60-жылдардан бергі жердегі зерттеулерінің өзі бір төбе...

Қазақ ғылымы мен әдебиетіне сңірген еңбегіне сай Ә.Қоңыратбаевты бағалау ісі де ұмыт қалған емес. Сонау кеңес заманында, 1988 жылы Қызылорда қалалық атқару комитетінің шешімімен қаладағы ғалым тұрған көшеге оның есімі берілген белгілі. 1990 жылы Шиели ауданындағы №48 гимназия және бір көше Ә.Қоңыратбаев есімімен аталды.

Реті келген соң айта кетейін, кейінгі жылдары Сыр елінің қаламгерлері қалық әкімшілікке Ә.Қоңыратбаевқа ерекше ролға орнату туралы ұсыныс түсірген секілді. Қожа әкімінің орынбасары ондай жоспардың бар екенін айтып, жауап беріпті...

Әрине, мәселе ескерткіште емес, Сыр еліндегі қаламын қадірлі білетін қарт журналистердің Ә.Қоңыратбаевқа берген бағасында. Облыстық «Ленин жолы», республикалық «Социалдық Қазақстан» газеттерінің тілшісі болған Ә.Жаппархан сияқты журналистика ардагерлерінің пікірі біздер үшін аса қымбат. Нағыз халықтық баға деп осыны айтсақ керек.

Сыр елінің сарабалдан тұлғасы Әуелбек Қоңыратбаев есімі республика жұртшылығына жақсы танымал. Ол туралы мәліметтер республикалық деңгейдегі барлық анықтамалықтарға енген. Ал қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымына қосқан үлкен еңбектері ұлттымыздың рухани мұрасы ретінде елмен бірге жасай беретін болады.

Тынысбек ҚОҢЫРАТБАЙ, филология ғылымдарының докторы, профессор

■ АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

«Алла шебер ғой. Көзім көрді. Дәл осылай қуанғаным әлі есімде...»

Біраз жылдан бері көз ауруына ұшырап, соңында көзім көрмей қалды. Қаралмаған дәрігерім қалмады. Содан бір күні оңтүстік жақта Көзді ата әулиенің кесенесі барын естідім. Осы қасиетті жерге тек аты айтып тұрғандай көзі ауыратындар баратынын білдім. Бар ойым сол жаққа бару болды. Отбасыма апаруымды өтіндім. Әйтпесе өздігіменн бара алмайтыным анық. Сөйтіп анам, келіншегім үшеуіміз жолға шықтық.



КӨЗДІ АТАДАН КӨЗІМ КӨРДІ

Киелі жерді табу қиынға соқпады. Жолымыз болып, шырақшысым да кездестірдік. Шынымды айтайын, бір рет басына барып, шырақшы дем салғаннан кейін көптен бері көрмеген көзім жарық сәулені көре бастады. Ол күннің көзі екен. Алғашында сенбедім. Іштей қатты тілеген соң солай елестеп кеткен болар деп ойладым. Ақырындап жанымдағы анамның, келіншегімнің жүздеріне қарадым.

Жо-жок, көзім көріп келеді. Содан қарама-қарсы отырған шырақшыны да анық көре бастадым. Сол сәтте ғана есімді жинап, қуаныштан айқайлап жіберіп, орнымнан атып тұрдым. Тұрдым да, шырақшыны қатты құшағымға қыстым. Одан кейін тек жылдай бердім. Тіпті көзімді қайта жұмуға қорықтым. Қайта жұмсам, көзім көрмей қалатындай... Бұған куә болған анам мен келіншегімнің қалай жылағанын айтпай-ақ қояйын. Енді ауылға баруға, жақындарыммен жақсы жаңалығымды бөлісуге асықтым. Әйткенмен басында көбі сенбеді. Өйткені аяқ астынан болған Тәңірдің тосын сыйына өзім де сенбедім. Бірақ шүкір, көзім көріп кетті. Бастысы, сенім екен», – дейді әулие басына барып, дертінен айыққан кейіпкеріміз Ілияс Ахметұлы. Өңгіме барысында бізбен қуанышыммен бөліскен Ілиясты одан әрі тыңдауға тырыстық.

– Содан кейін ол жерге қайта бармадыңыз ба?

– Әрине, бардым. Сол сәтте-ақ шырақшы Тағай ата «Шамалы күн өткен соң әулие басына келіп, бір малды құрбандыққа шалып, құран бағыштап кетерсің, балам. «Өлі разы болмай, тірі байымас» деген бар. Шынайы сеніп келіңсің. Ниетің бірден қабыл болды. Әуелі Алла, содан кейінгі себеп – Көзді ата. Осыны ұмытпа» деген сөзі әлі жадымда.

Бірінші әулие басында, содан кейін өз шаңырағымда құран оқыттым. Шынымды айтсам, әлі де сенбей жүрмін. Қазір көзі ауыратындар өте көп. Менің айтарым, осы жерге барып, ниет етсе, Алла тілектерін берер деген үміттемін, – деп жауап берді кейіпкеріміз.

КӨЗДІ АТА КІМ БОЛҒАН?

Аңыздарда Көзді атаның есімі – Сейіткерім қары. Шамамен 1714 жылдары өмірге келген. 104 жас өмір сүрген, ислам дінін насихаттап, егін егіп, елді ашаршылықтан аман алып қалған екен. Көзді ата әулие жерленген жердің дәл іргесінде үлкен қазандық орын бар. Бұл – әулие бұлағының орны.

Оңтүстік тарихи тағылымды, шежірелі өңір екені оның жер-су аттарынан да байқалады. Соның ішінде Қазығұрттың өзі киелі атау, қасиетті жер екендігі белгілі. Бағзы замандардың бірінде осы Қазығұрт

тауын әрі әулие, әрі емші адам мекендепті. Ол емші болғанда көз ауруын ғана жазды екен. Сондықтан зағип болғандардың барлығы осы емшінің дақыртын естіп, дертінен айығу үшін арнайы іздеп келіп, емделіп жүріпті. Бір ғажабы, шын ниетпен емделуге келген сырқаттардың барлығы айығып кететін көрінеді.

Көзді ата қайтыс болып, оқылған Құран аяқтала бергенде жұрттың үрейін тудыратындай тосын дыбыс шығып, сол арадағы қатпар тастар қозғалғандай болады. Кенет тастардың арасынан тесік пайда болып, артында сарқырап су ағады. Судың молдығы мен оның ағысының жылдамдығы соншалық, әл-сәтте сай-сала суға толып, егіске қарай арна салып аға бастайды. Көзді атаны жерлеуге келген дүйім жұрт қабір басынан жоғары шығып, «Өттеген-ай, әулие баба су астында қалатын болды ау» деп өкініш білдіріп тұрып қалыпты. Бірақ су әулие жерленген қабірдің дәл басынан шыққанымен, қабірді айнала ағады. Мұны көрген халық «Ол – атаның әулиелігінен, кереметтілігінен» деген болжамға келеді. Ал сол бұлақ суынан ішіп, беті-қолын жуған адам көз ауруынан құлан-таза айығатын болған. Сөйтіп халық бұл бастауды «Көзді ата бұлағы» деп атап кеткен.

ӘУЛИЕ БАСЫНА БАРҒАНДА...

Жалпы дүйім жұртқа белгілі Көзді ата әулиенің кесенесі Төле би ауданы, Ақбастау ауылында орналасқан. Кесенені салдырған – Төрехан Оспанқұлұлы Оңғар тегі. Мұнда келушілер қатары үзілген емес.

Біз де кешкілік жолға шығып, қасиетке толы Қазығұрт тауының бөктерінде жатқан әулие басына бардық. Кесене айналасында бұлақ ағатын жер мен кішкене ақ үй көзге түсті. Бұлақтан жұрт су ішеді. Себебі суының өзі шипалы екенін білеміз. Ал шағын үй әулие ата басына қонатындарға арналған екен. Сонымен қатар Көзді ата кесенесіне қарап, келгендерге дем салып, құран оқып, әулие жайлы айтып отыратын Тағай Сейітжаппарұлы есімді шырақшысы бар. Көпті көрген, ұл-қыз тәрбиелеп отырған, ислам дінін ұстанған, аузынан Алласы, қолынан тәспісі түспеген салиқалы кісі екені бірден сезілді.

Тілші түйіні:

Көзді ата әулие басындағы ауаның өзі ерекше. Салқын самал есіп тұр. Бұлағының мөлдір суы әрбір дертке шипа. Оған қоса талай жылдан бері көз ауруына шалдыққандар ешбір отасыз сауығып кететін кереметтілігі бар. Оған біздің де көзіміз жетті.

Расында, қазақ жерінде осындай киелі мекендер көп-ақ. Алдағы уақытта тұрақты айдарымыз бойынша басқа да қасиетті жерлерді жазатын боламыз, күтіңіз...

Ақтоқалы НҰРЛЫБАЙ

■ БАЙҚАУ

Әділхан Бәймен атындағы «Қалам қуаты» атты эксклюзивті сұхбат байқауы

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты басылым журналистері арасында белгілі қаламгер, «Ақмешіт апталығы» газетінің негізін қалаушы әрі тұңғыш редакторы Әділхан Бәймен атындағы «Қалам қуаты» атты эксклюзивті сұхбаттар байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты:

Ел Тәуелсіздігінің мерейлі жылында Тәуелсіздік тұлғаларын, Тәуелсіздік тарту еткен жетістікті кейіпкерлер арқылы көрсету. Тәуелсіз ел тарихында ел дамуына үлес қосқан тұлғалардың еңбегін дәріптеу. Сұхбат жанрын уақыт талабына сай жаңа қырынан дамыту, журналист шеберлігін бағалау.

Байқау талабы:

Байқауға үміткерлер жасына шек қойылмайды. Кез келген тақырыпта сұхбат жүргізуге мүмкіндік беріледі. Байқауға үміткер биылғы жылдың І қантарынан бастап желтоқсан айына дейін газетте жарияланған сұхбаттарды ұсына алады. Сұхбат көлеміне шек қойылмайды. Байқау материалдарын сараптауда тақырыптың өзектілігі, кейіпкердің болмысын ашу және көп назарын аударар тақырып пен кейіпкер таңдауы, шынайылығы, сұхбат талабына сай келуі бағаланады.

Байқауға қатысатын үміткерлер ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А, байланыс телефоны 8(7242) 40-11-10), өзі туралы қысқаша мәлімет, газетте жарияланған сұхбаттың PDF нұсқасын ұсыну шарт. Байқауға ұсынылған материалдарды арнайы құрылған қазылар алқасы анықтайды.


■ ОЙМАҚТАЙ ОЙ



Бала күнімізде ауылда ата-анамыздың ағайын-туыспен дос-жаранды шақырып, асарлатып үй салғаны есімде. Сол үрдісті осыдан он жыл бұрын қалада да жалғалдық. Тіпті ауылда егін жинау, шөп шабу, отынға баруды да асарлататын еді. Соған күні үйде кішігірім той секілді дайындалып, бар тәттіні пісіріп, дастарханды жайнатып қоятын. Қазір қалай?

Асар – елді ынтымақ-бірлікке үндейтін тірліктің бастауы. Ол халықтың кеңдігін, бауырмалдығын білдіреді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген тәміс осыдан қалса керек. Асар жасау – ауқымды әрі ауыр жұмысты көпшілік болып ақысыз атқару. Бір үйде асар болып жатыр дегенді естіген кез келген адам қарап жатпайды. Хал-қадірінше көмектесуге асығады. Асарға бару адамдық қасиетіңді арттырады әрі сауап есі жасайсың. Алайда қазір оның байыбына бара алмайтындардың көп екені өкінішті.

Бүгінде асарлатып үй салып, немесе ағайын-туысты жинап көмек істеп жатқандарды кездестіре бермейміз. Бірен-сараны ғана асарлатуы мүмкін. Алайда бұрынғыдай көп емес. Оның себебі де баршылық. Заман өзгерді. Уақыттың тығыздығы сонша, жан-жағына қарауға мұрша бермейді. Қайда барсақ та уақыттың жеткізе алмай, мұрнынан шанышылып жүрген жандарды кезіктіресің. Дәл



Байқау қорытындысы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жарияланып, үздік сұхбат авторлары арнайы марапатталады.

«Ақмешіт апталығы» газетінің электронды поштасы: akmeshit.kz@mail.ru.

АСАРҒА БАРАСЫЗ БА?

ақшанды үнемдейсің. Сондай-ақ көмекке келген адам үлкен сауап жинап, бір жағынан қанша адаммен шүйірлесіп бір жасап қалады. Асарға бару адам үшін кәдімгідей демалыс екенін қалағанда келгеннен кейін ұғындық. Қазір міне күні бойы алақандай ұялы телефонға үңіліп отырмыз. Біздің ауылда әлі де жастар жағы асарлатып отын әкеліп, көмір түсіреді екен. Бұрынғыдай күнде көмек болмаса да, жиі асар болып тұрады. Сонымен бірге соғым союды да асарға жатқызуға болады. Бұл дүниелер адамдардың бір-біріне қол ұшын беруі үшін жасалатын игі амалдар ғой. Ол кезде заманның кеңдігі ме, адамның кеңдігі ме асарлату әр отбасында болушы еді, – деді өткенін сағышпен еске алған қала тұрғыны Қадырхан Олжабаев.

Есептеп қарасақ, бүгінде үлкен үй салу үшін материалға жұмсалған ақшаның жартысынан көбін жұмыс істеген адамға бересің. Оның үстіне өзін жұрмеген соң, жұмысшылардың қай жерін қалай істегенін білмейсің. Десе де қазір үй салатындардың басым бөлігі ағайынға өтініш айтқаннан, ақысына адам жалдағанды жөн көреді. Осылайша үй салуды, егін жинауды отын әкелуді, киіз үй тігуді асарлату жыл өткен сайын жойылып бара жатқандай.

Алайда осы дәстүр қайта түрленіп, жанаша жандануда. Бұл қазақтың мәрттігінің, бауырмалдығының тағы бір дәлелі іспеттес. «Оң қолың бергенді, сол қолың көрме-сің» дегендей қазір әлеуметтік желілер арқылы түрлі қайырымдылық шараны көріп жүрміз. Елге танымал азаматтар халықтан қаржы жинап, тұрмысы төмен, жалғыз басты аналарға үй алып беріп жүр. Көмек қаржылай жиналғанын мұны да асардың заманауи түріне жатқызуға болады. Осылайша асарлату ұмыт болмай, заманға сай түрленіп, халық арасында қолдау тауып отыр.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Меншік несі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)
Жауапты хатшы, болшылер - 40-11-10 (ішкі номер – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1335
Нөмірдің кезекші редакторы Ерсін ШАМШАДИН